


Пайдалану нұсқаулығы **OMRON**

MESH NEBULIZER

MicroAIR U100 (NE-U100-E)

• Қазақша

KZ



All for Healthcare

IM-NE-U100-E-KZ-07-04/2022

Шығарылған күні: 2022-05-31

Мазмұны

| | |
|--|----|
| Мақсатқа сай қолдану | 3 |
| Маңызды қауіпсіздік шаралары | 4 |
| Ерекшеліктері мен артықшылықтары | 7 |
| OMRON MicroAIR U100 қаптамасының құрамы | 8 |
| Бөлшектердің атаулары мен функциялары | 9 |
| Өнімді алғашқы рет пайдалану алдында | 11 |
| Батареяларды салы және ауыстыру әдісі | 12 |
| Айнымалы ток адаптерін пайдалану (қосымша) | 13 |
| Жабдықты құрастыру және дәрі контейнерін толтыру әдісі | 14 |
| OMRON MicroAIR U100 құрылғысымен жұту әдісі | 17 |
| Әрбір ингаляциялаудан кейін жабдықты тазалау әдісі | 19 |
| Бөлшектерді зарарсыздандыру әдісі | 22 |
| Тор қалпағын ауыстыру әдісі | 24 |
| Қосымша медициналық керек-жарақтар | 24 |
| Ақаулықтарды жою | 25 |
| Техникалық деректер | 27 |
| Кепілдік | 31 |

Құрметті тұтынушы,

OMRON MicroAIR U100 ингаляторын сатып алғаныңызға рақмет айтамыз.

MicroAIR U100 ингаляторын сатып алу арқылы сапасы жоғары, инновациялық құрылғыны таңдадыңыз.

Оны өндіру барысында оның беріктігіне, оңай және ыңғайлы қолданысына аса назар аударылған.

Ингаляторды алғашқы пайдаланудың алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Егер оны пайдалануға қатысты қандай да бір сұрақтарыңыз қалса, қаптамада немесе осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген мекенжай бойынша OMRON тұтынушыларға қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз. Олар сізге көмектесуге дайын.

OMRON HEALTHCARE EUROPE B.V.

Мақсатқа сай қолдану

| | |
|-------------------------------------|--|
| Медициналық мақсат | Бұл өнім тыныс алудың бұзылуын емдеу мақсатында деммен дәрі жұту үшін пайдаланылады. Негізгі блок, оның қақпағы және қосымша АТ адаптері бірнеше пациентке бірнеше рет пайдалануға арналған. Басқа заттар бір пайдаланушыға бірнеше рет пайдаланылады. |
| Арнайы пайдаланушы | <ul style="list-style-type: none">• Дәрігер, медбике және терапевт сияқты заңды түрде сертификатталған медициналық мамандар немесе медициналық қызметкерлер не емделуші білікті медициналық мамандардың бақылауында.• Сондай-ақ, пайдаланушының MicroAIR U100 құрылғысының жалпы жұмысын және нұсқаулық мазмұнын түсінуге мүмкіндігі болуы керек. |
| Арнайы емделушілер | Бұл өнімді ессіз немесе өздігінен тыныс алмайтын емделушілер пайдаланбауы керек. |
| Орта | Бұл өнім аурухана, клиника және дәрігердің кеңсесі және жалпы үйдің бөлмесінде пайдалануға арналған. |
| Ұзақ кезең | Ұзақ кезеңдер келесілер: өнімді бөлме температурасында (23°C) күніне екі рет 10 минуттай тозаңдату үшін пайдалануды қамтамасыз ету. Ұзақ кезең қолдану ортасына байланысты өзгеруі мүмкін. Өнімді жиі пайдалану пайдалану мерзімін қысқартуы мүмкін. |
| | Негізгі құрылғы 5 жыл |
| | Дәрі контейнері 1 жыл |
| | Тор қақпағы 1 жыл |
| | Мүштік 1 жыл |
| | Маска (PVC)(SEBS) 1 жыл |
| | Маска адаптері 1 жыл |
| Пайдалануға қатысты сақтық шаралары | Пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған ескертулер мен сақтық шаралары ескерілуі керек. |

Маңызды қауіпсіздік шаралары

- Бұл бөлімде өнімді қауіпсіз пайдалану және жарақаттануды, сондай-ақ басқа да зақымдануды алдын алу әдісі туралы ақпарат беріледі.

Бұл нұсқауларды келешекте анықтама алу үшін сақтаңыз.

⚠ Ескерту: Алдын алмаған жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелетін қауіпті жағдайды анықтайды.

(Қолданысы)

- Дәрінің түрі, дозасы және режимі үшін дәрігер немесе фармацевтің нұсқауларын орындаңыз.
- Егер пайдалану барысында қандай да бір аллергиялық реакцияларды немесе қиындықтарды сезсеңіз, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, дәрігерге хабарласыңыз.
- Құрылғыны сәбилер мен балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Қолданыстан кейін қалған дәріні үнемі утилизациялап, әрбір уақытта жаңа дәріні пайдаланыңыз.
- Бұл өнім ессіз немесе өздігінен тыныс алмайтын емделушілерге пайдаланылмауы керек.
- Тыныс алу мақсатында ингаляторда тек суды пайдаланбаңыз.
- Қуат қосулы кезде дірілдейтін элементті ұстамаңыз.
- Құрылғыны жанғыш газдың жанында пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны ванна бөлмесі сияқты ылғалды жерде пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.
- Құрылғыны немесе оның бөлшектерін қауіпті температуралар болатын немесе ылғалдылығы өзгертін жерлерге қалдырмаңыз, мысалы, жылы және ыстық ай мезгілдерінде құрылғыны көліктің ішінде немесе күннің сәулесі тік түсетін жерде қалдыру.
- Анестезия немесе желдету құралының тыныс тізбектерін пайдаланбаңыз.

(Қуат көзі)

- Айнымалы ток адаптері зақымдалған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін тиісті кернеуі бар розеткаға қосыңыз.
- Бірнеше розеткалы ашада пайдаланбаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін қуат көзіне ешқашан ылғал қолмен қоспаңыз не одан ажыратпаңыз.

Маңызды қауіпсіздік шаралары

(Тазалау және зарарсыздандыру)

- Өнімді алғаш пайдаланудың алдында, өнім ұзақ уақыт мерзімінде пайдаланғаннан кейін және бөлшектері ластанғанда, өнімнің бөлшектерін тазалап, зарарсыздандырыңыз.
- Өнімнің бөлшектерін әрбір пайдаланудан кейін тазалаңыз және өнімнің бөлшектерін қалыпты пайдалану барысында аптасына бір рет зарарсыздандырыңыз.
- Өнімді басқа пайдаланушы пайдаланғанда, әрбір пайдаланушы пайдаланғаннан кейін өнімнің бөлшектерін тазалап, зарарсыздандырыңыз.
- Зарарсыздандыру құралы өндірушісінің нұсқауларын орындап, оны зарарсыздандырғаннан кейін өнімде зарарсыздандыру құралы қалмағанын тексеріңіз.
- Өнімнің ластануын болдырмау үшін өнімді таза жерде құрастырудың және сақтаудың алдында тазалап, зарарсыздандырғаннан кейін өнімнің бөлшектерін құрғатыңыз.
- Негізгі жабдықты (дірілдейтін элементті және дірілдейтін элементтің айналасындағы аймақты қоспағанда) және айнмалы ток адаптерін суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз.
- Негізгі жабдыққа және айнмалы ток адаптеріне су немесе дәрі құймаңыз.

KZ

⚠ Абайлаңыз: Алдын алмаған жағдайда шағын немесе орташа жарақатқа, физикалық зақымға әкелуге ықтимал қауіпті жағдайды анықтайды.

(Қолданысы)

- Бұл құрылғыны балалар немесе мүмкіндігі шектеулі тұлғалар немесе олардың қасында пайдаланғанда ата-ана немесе бақылаушы бақылауы қажет.
- Дәрінің бетте қалуын болдырмау үшін масканы алып тастағаннан кейін пайдаланушы бетін сүртіңіз.
- Тозандатылған дәрі көзге түспесін.
- Ингаляторды бос дәрі контейнерімен пайдаланбаңыз.
- Тек адам пайдалануы үшін рұқсат берілген.
- Бұл құрылғыға арналған тек OMRON түпнұсқалы және қосымша керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
- Дәрі контейнеріне 10 мл-ден көп мөлшерін қоспаңыз.
- Құрылғыны еденге құлату сияқты қатты соққыларға ұшыратпаңыз.
- Пайдалану барысында негізгі жабдықты көрпемен, сүлгімен немесе басқа жабын түрімен жаппаңыз.
- Негізгі жабдық немесе айнмалы ток адаптерін бөлшектемеңіз немесе жөндеуге әрекет жасамаңыз.
- Торға мақта тампонын немесе істікті тықпаңыз.
- Осы құрылғыны пайдаланып жатқанда ұялы телефон немесе электромагниттік өрістерді тарататын кез келген басқа электрлік құрылғылар 30 см аралықта екенін тексеріңіз. Бұл құрылғының өнімділігін нашарлатуы мүмкін.
- Маска және мүштік сияқты қосалқы жабдықтар бір пациентке бірнеше рет пайдалануға арналған. Бірнеше пациентке пайдалануға болмайды; әрбір пациентке бөлек қосалқы жабдықтарды пайдаланыңыз.

Маңызды қауіпсіздік шаралары

(Қуат көзі)

- Тек түпнұсқалы айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.
- Ашаны розеткаға толық кіргізіңіз.
- Ашадан шаңды сүртіңіз.
- Айнымалы ток адаптерін пайдаланғанда келесі әрекеттердің орындалуын алдын алыңыз:
 - зақымдамау. оны сындырмау.
 - оны ашпау. майыстырмау немесе тартпау.
 - бұрамау. пайдалану барысында байламау.
 - қыспау. ауыр заттарды қоймау.
- Көп тармақты ұзартқышты пайдаланбаңыз. Қуат сымын тікелей розеткаға қосыңыз.
- Ашаны розеткадан суырғанда қуат сымын тартпаңыз.
- Ашадан қауіпсіз тарту қажет.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт аралығында пайдаланылмаса, оны ажыратыңыз.
- Пайдаланудан кейін және тазалау алдында айнымалы ток адаптерін құрылғыдан әрқашан ажыратыңыз.
- Ескірген батареяларды жаңасына дереу ауыстырыңыз. Екі батареясын бір мезгілде ауыстыру керек.
- Егер жабдықты үш ай немесе одан да көп уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды алып тастаңыз.
- Өртүрлі түрдегі батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
- Жаңа және пайдаланылған батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
- Литийлік батареяларды пайдаланбаңыз.

(Тазалау және зарарсыздандыру)

- Бөлшектерді қыздыру немесе құрғату үшін қысқа толқынды пешті пайдаланбаңыз.
- Бөлшектерді құрғату үшін фенді пайдаланбаңыз.
- Бөлшектерді жуу немесе құрғату үшін ыдыс жуу машинасын пайдаланбаңыз.
- Ингалятордың бөлшектерінде тазалау ерітіндісін қалдырмаңыз. Зарарсыздандырғаннан кейін ингалятордың бөлшектерін таза ағынды суда шайыңыз.
- Құрылғыны және құрамдастарды таза және қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Жалпы қауіпсіздік шаралары

- Өнімді аспирациядан басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Бензолмен немесе еріткішпен ешқашан тазаламаңыз.

Ерекшеліктері мен артықшылықтары

MicroAIR U100 құрылғысында сұйық дәріні металл қоспасынан жасалған тордағы майда саңылаулармен итеру арқылы аэрозоль жасалады. Мұны жоғары жиілікте тербелетін титаннан жасалған дірілдейтін элемент жасайды.

Шынайы портативті, қалта өлшемі

Құрылғы кез келген дорбаға немесе портфельге сыяды. Тек екі AA/LR6 батареямен шамамен 4 сағатқа дейін іске қосып, қайда бармасаңыз да, не істемесеңіз де дәріңіз әрқашан жаныңызда.

Әртүрлі бұрышпен ингаляциялау мүмкін емес

Құрылғы тұрақты тозаңдату арқылы әртүрлі бұрыштармен ингаляциялауға мүмкіндік береді. Сондықтан құрылғыны төсекте жатқанда немесе күтушінің қолында жатқан сәбиге/балаға пайдалануға болады.

Дыбыссыз жұмыс

Құрылғының дыбыссыз жұмысы шусыз пайдалануға мүмкіндік береді. Қорқытатын шуыл жоқ, сондықтан оны ұйықтап жатқан балаға пайдаланып дыбыссыз емдеуге болады.

Қарапайым бір түймемен пайдалану

Дәрілердің кең ауқымымен үйлесімділігі

Құрастыруы және дайындауы оңай


OMRON MicroAIR U100 қаптамасының құрамы

Қаптаманың ішінде келесі элементтер бар:

Негізгі жабдықтың
қаппағы



Негізгі
жабдық*



Дәрі
контейнері*



Топ
қалпағы*



Маска
адаптері*



Мүштік*



Батареялар
(2x AA/LR6)



Балаларға арналған
бетперде (PVC)*



Сәбилерге арналған
бетперде (PVC)*



- Жұмсақ қап
- Пайдалану нұсқаулығы
- Жылдам орнату нұсқаулығы

* Бұл бөлшектер EN ISO 27427:2019 стандартына сәйкес келеді

Бөлшектердің атаулары мен функциялары

Тор қалпағы


Құрамында ингаляторға арналған металл қоспасынан жасалған тор бар.



Тор

Тозаңдатылған дәрі осы майда қуыстардан шығады.

Дәрі контейнері




Ауа саңылауы

Тозаңдатуды тұрақтандырады.

Дәрі контейнерінің қақпағын босату түймесі

Екі жағындағы түймелерді басқанда, дәрі контейнерін ашуға болады.

Негізгі жабдық



Дірілдету элементі

Осы дірілдеу элементінің ұшы жоғары жиілікті ауытқиды және дәріні тордың қуыстары арқылы итереді.

Қуат индикаторы

Қуат қосылғанда жасыл шам жанады.

ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ (⏻) түймесі

Батарея заряды төмен индикаторы

Батарея заряды төмен болғанда қызғылт сары шам жыпылықтайды.

Бөлшектердің атаулары мен функциялары



Негізгі жабдықтың қаппағы


Сақтау барысында бірге берілетін дәрі контейнері мен тор қаппағы бар негізгі жабдықты қорғайды.

Өнімді алғашқы рет пайдалану алдында

Алғашқы рет пайдалану алдында:

- I) Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқу
- II) Бөлшектерді бөлшектеу, тазалау және зарарсыздандыру

Бөлшектеу




KZ

Батарейаларды салы және ауыстыру әдісі

Батарейаларды салу

1. Екі жағындағы босату түймесін басу арқылы төменгі жағындағы батарея қақпағын алып тастаңыз.
2. Батарейаларды батарея бөлімінің ішінде көрсетілген полярлыққа сәйкес салыңыз.
3. Батарея қақпағының екі жағындағы түймелерді басу арқылы батарея қақпағын ауыстырыңыз.




Батареяның жарамдылық мерзімі және батареяны ауыстыру

Жабдықты сілтілі батареялармен немесе никель-металл-гидридті (NiMH) қайта зарядтауға болатын батареялармен пайдалануға болады. Батареяның сыйымдылығы мен күйіне байланысты жабдық сілтілі батареялар жинағында 4 сағатқа дейін жұмыс істей алады.

Батарея заряды төмен индикаторы (қызыл сары шам)

| | |
|--------------|--|
| Жыпылықтайды | Батареялардың заряды төмен. Екі батареяны жаңасына ауыстырыңыз. |
| Қосылады | Батареялардың заряды біткен. Құрылғы тозаңдатпайды. Батареяларды жаңасына дереу ауыстырыңыз. |



- Ескертпелер:
- Егер түйме 10 секунд басылмаса немесе құрылғыны өшірсеңіз, батарея заряды төмен индикаторы өшеді.
 - Егер жабдық ұзақ уақыт бойы пайдаланбаса, батареяларды алып тастаңыз. Осы әрекетті орындамау батареяның ағуына байланысты зақымдануға әкелуі мүмкін.
 - Батареяларды химиялық қалдықтар деп қарастыру керек; утилизациялау бөлшек сауда дүкенінде немесе тиісті жинау орындарында орындалуы қажет.

Айнымалы ток адаптерін пайдалану (қосымша)

⚠ Абайлаңыз: «Қосымша медициналық керек-жарақтар» бөлімінде көрсетілген түпнұсқалы айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.

Айнымалы ток адаптерін негізгі жабдыққа қосу



- (1) Батарея қақпағын және батареяларды алып тастаңыз, 12-бет-бетті қараңыз.
- (2) Негізгі жабдықты айнымалы ток адаптерінің қосылым тұғырына оң жақтағы суретте көрсетілгендей қойыңыз. Ескертпе: ол тұғырға бекітіледі.
- (3) Айнымалы ток адаптерінің қуат ашасын розеткаға салыңыз.

⚠ Абайлаңыз: айнымалы ток адаптерін ешқашан ылғал қолмен қоспаңыз не ажыратпаңыз.


Ескертпе: құрылғыны айнымалы ток адаптерін ажырату қиын болатын жерге қоймаңыз.

Айнымалы ток адаптерін негізгі жабдықтан алу

- (4) Айнымалы ток адаптерінің қуат ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- (5) Негізгі жабдықтан босату үшін қосылым тұғырының екі жағын басыңыз.
- (6) Негізгі жабдықты алып тастаңыз.



Қосылым аяқталды.




KZ

Жабдықты құрастыру және дәрі контейнерін толтыру әдісі


⚠ Абайлаңыз: өнімді алғаш пайдаланудың алдында, өнім ұзақ уақыт мерзімінде пайдаланғаннан кейін және бөлшектері ластанғанда, өнімнің бөлшектерін тазалап, зарарсыздандырыңыз. (Нұсқауларды 19-беттен қараңыз.)

1. Батареяларды салып, 12-бет-бетті қараңыз.
2. Дәрі контейнеріндегі белгіні негізгі жабдықтағы белгімен туралаңыз. Дәрі контейнерін төмен басып, сағат тілі бағыты бойынша айналдырыңыз.



Ескертпе: тор қалпағы орнатылғанда, дәрі контейнерін негізгі жабдыққа құрастырмаңыз.

3. Қапқақтың екі жағын басу арқылы дәрі контейнерін ашыңыз.




Жабдықты құрастыру және дәрі контейнерін толтыру әдісі


4. Дәрі контейнерін суретте көрсетілгендей толтырыңыз. Максимум сыйымдылығы – 10 мл.



5. Тор қалпағын қойыңыз.




6. Дәрі контейнерінің қалпағын орнына бекітілгенше басыңыз.
Тор қалпағы бекітілген.




Жабдықты құрастыру және дәрі контейнерін толтыру әдісі

7. Маска адаптерін негізгі жабдыққа орнатыңыз.



8. Масканы немесе мүштікті маска адаптеріне орнатыңыз.



Құрылғы қазір пайдалануға дайын.

Жұту әдісін келесі бөлімнен қараңыз.

OMRON MicroAIR U100 құрылғысымен жұту әдісі

⚠ Ескерту: дәрінің түрі, дозасы және режимі үшін дәрігер немесе фармацевттің нұсқауларын орындаңыз.

1. Жабдықты суретте көрсетілгендей сәл еңкейтеңіз. Осы күйде дiрiлдету элементi дәріге батып, қуат қосылғаннан кейін тозаңдату басталады.

Дiрiлдету элементi дәріге батқаннан кейін, жабдықты кез келген бұрышпен пайдалануға болады.




Ескертпе: кейбір күйде (мыс., тік) тозаңдату қысқа уақыттан кейін тоқтауы мүмкін. Мұндай жағдайда, дiрiлдету элементін дәріге қайта батыру үшін жабдықты сәл еңкейтеңіз.

2. Мүштікті ауызға салып, масканы ауыз бен мұрынның үстіне қойыңыз.

3. Егер ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ (ϕ) түймесін бассаңыз, тозаңдату басталады.
Егер ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ (ϕ) түймесін қайта бассаңыз, тозаңдату тоқтайды.

Тозаңдату барысында жасыл қуат индикаторы жанады.

Тыныс алғанда денеңізді әрқашан тыныш және бос ұстаңыз. Дәрі өкпеге терең кіруі үшін баяу және терең тыныс алыңыз. Деміңізді қысқа уақытқа ұстап, мүштікті ауыздан шығарып жатқанда деміңіздің баяу шығарыңыз. Тым жылдам тыныс алмаңыз. Демалу қажет болғанда, кідіріңіз.




KZ

OMRON MicroAIR U100 құрылғысымен жұту әдісі

Ескертпе: егер жоғары тұтқырлық дәрі пайдаланылса, тозаңдату азаюы мүмкін.

Пайдалануға байланысты, пайдалану барысында маска адаптерінің ішінде конденсат көрінуі мүмкін. Егер конденсат көрінсе, дәрі-дәрмектің ағуын болдырмау үшін маска адаптерін таза шүберекпен сүртіңіз.



Егер торда дәрінің тым көп мөлшері жиналса, тозаңдату тоқтауы мүмкін. Мұндай жағдайда, қуатты өшіріп, маска адаптерін алып тастаңыз. Дәріні түксіз шүберекпен сорып алыңыз.

Ескертпе: торға мақта тампонын немесе істікті тықпаңыз, себебі тор қалпына келтірусіз зақымдалуы мүмкін.



Ингаляциялаудан кейін ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ (⏻) түймесін басу арқылы ингаляторды әрқашан өшіріңіз.


Ескертпе: құрылғы 30 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Әрбір ингальяциялаудан кейін жабдықты тазалау әдісі


Келесі элементтер әр пайдаланудан кейін тазалануы және зарарсыздануы тиіс:
Дәрі контейнері, тор қалпағы, маска адаптері, мүштік және маска.

Ескертпе: егер құрылғы дұрыс және жиі тазаланбаса және зарарсыздандырылмаса, жабдықта микроғзалар қалып қойып, инфекция қаупіне әкелуі мүмкін.

1. Маска адаптерінің екі жағын басу арқылы маска адаптерін негізгі жабдықтан алып тастаңыз.




2. Дәрі контейнерін ашып, маска қалпағын алып тастаңыз.



Ескертпе: торды ұстамаңыз.




3. Дәріні қоқысқа тастап, тор қалпағын қайта орнатыңыз.



Әрбір ингаляциялаудан кейін жабдықты тазалау әдісі


4. Дәрі контейнеріне су толтырып, суды тозаңдатыңыз. Пайдаланудан кейін дәрінің құрғап қалуын немесе торға жабысып қалуын болдырмау үшін, суды 1–2 минут тозаңдатыңыз.



Сумен тыныс алмаңыз.

5. Тор қалпағын дәрі контейнерінен алып тастап, дәрі контейнерін сағат тілі бағытына қарсы бұрау және жоғары тарту арқылы оны негізгі құрылғыдан бөлшектенізі.

Ескертпе: дәріні қоқысқа тастағаннан кейін дәрі контейнерін алып тастаңыз.



Әрбір ингальяциялаудан кейін жабдықты тазалау әдісі



6. Барлық бөлшектерді тазалау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

• Тор қалпағы

Тор қалпағын жұмсақ (бейтарап) жуу құралында жуып, таза сумен шайыңыз. Артық суды кетіріп, таза жерде ауамен құрғатыңыз.

Кейбір дәрілер торда оңай қалып қалады, сондықтан жуғанда аса назар аударыңыз.

Ағынды су астында жумаңыз.



• Дәрі контейнері, мүштік, маска және маска адаптері

Оларды суда және жұмсақ (бейтарап) жуу құралында жуыңыз.


Оларды таза ағынды сумен жақсылап шайып, таза жерде ауамен құрғатыңыз.



• Дірілдейтін элемент және оның айналасы

Ағынды сумен жуыңыз.

Ескертпе: құрылғыға сұйықтықтың кіруін болдырмау үшін батарея қақпағы орнатылғанын тексеріңіз.



• Негізгі жабдық

Негізгі жабдықты (ылғалдандырылған) түксіз шүберекпен сүртіп тазалаңыз.

Негізгі жабдықты құрғатып сүрту үшін құрғақ, түксіз шүберекті пайдаланыңыз.

Бензолмен немесе еріткішпен ешқашан тазаламаңыз.










Бөлшектерді зарарсыздандыру әдісі

Ескертпе: егер құрылғы көрсетілгендей дұрыс және жиі тазаланбаса және зарарсыздандырылмаса, жабдықта микроағзалар қалып қойып, инфекция қаупіне әкелуі мүмкін.

Дәрі контейнері, тор қалпағы, мүштік, маска және маска адаптері жабдықты алғаш рет, жабдық ұзақ уақыт мерзімінде пайдаланылмағаннан кейін пайдаланудың алдында немесе қалыпты пайдалану барысында аптасына бір рет зарарсыздандырылуы қажет. Дірілдейтін элемент 5 жылдық мерзім ішінде зарарсыздандырудың 260 цикліне шыдайтыны күтіледі және басқа бөлшектер 1 жылдық мерзім ішінде зарарсыздандырудың 52 цикліне шыдайтыны күтіледі.

Зарарсыздандыру әдісін таңдау үшін төмендегі кестені қараңыз.

| Бөліктер | Материалдар | Қайнату | Спирт | Натрий гипохлориті |
|--|---|---------|-------------------------|---------------------------|
| | | | Зарарсыздандыру этанолы | Milton*1 (0,1% 15 мин) |
| Мүштік |  SEBS | ○ | ○ | ○ |
| Маска адаптері |  PC | ○ | ○ | ○ |
| Дәрі контейнері |  Дене: PC Ілмектер: титан | ○ | ○ | ○ |
| Тор қалпағы |  Қаптама: силикон Тор ұстағышы: PC Тор: NiPd | ○ | ○ | × |
| Сәбилерге арналған беттерде (PVC) Балаларға арналған беттерде (PVC) |  Маска: PVC*3 Жолақ: резеңке*4 | × | ○*2 | ○*2 |
| Ересектерге арналған маска (SEBS) (қосымша) Балаларға арналған маска (SEBS) (қосымша) |  Беттерде: SEBS Жолақ: резеңке*4 | ○*2 | ○*2 | ○*2 |
| Дірілдету элементі |  Титан | × | ○ | ○ |

○ : қолдануға болатын × : қолдануға болмайтын

Бөлшектерді зарарсыздандыру әдісі

■ Сатып алуға болатын зарарсыздандыру құралы арқылы зарарсыздандыру

Сатып алуға болатын зарарсыздандыру құралын пайдаланыңыз. Зарарсыздандыру құралының өндірушісі қамтамасыз ететін нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе: бензолмен немесе еріткішпен ешқашан тазаламаңыз.

• Дірілдейтін элемент және оның айналасы

Дірілдету элементін және дірілдету элементінің айналасындағы аймақты зарарсыздандыру құралымен сулаңыз.


• Дәрі контейнері, мүштік, тор қалпағы, маска адаптері және маска

Бөлшектерді зарарсыздандыру құралында жібітіңіз.


■ Қайнату арқылы зарарсыздандыру

• Дәрі контейнері, мүштік, тор қалпағы, маска адаптері және маска (SEBS) (қосымша)*2

Бөлшектер 15–20 минут аралығында қайнатылуы мүмкін. Қайнатқаннан кейін бөлшектерді абайлап алып, артық суды шайқап шығарып, таза ортада ауамен құрғатыңыз.



KZ



*1 Сатып алуға болатын зарарсыздандыру құралының үлгісі. (Кестеде көрсетілген концентрациясы мен пайдалану ұзақтығы бөлшектердің қызмет көрсету мерзімі әрбір зарарсыздандыру құралымен оның пайдалану нұсқаулығында сипатталғанда пайдаланылғанда тексерілген жағдайларға сәйкес келеді. Тексеру зарарсыздандыру құралдарының тиімділігін қамтамасыз ету үшін орындалмағанын ескеріңіз. Осындай зарарсыздандыру құралдары пайдаланылады деген мақсат жоқ. Зарарсыздандыру құралының пайдалану жағдайлары мен құрамы өндірушілерге байланысты әртүрлі болады. Зарарсыздандыру құралын әрбір бөлшекке тиісті түрде қолданудың алдында, пайдалану нұсқаулықтарын мұқият оқыңыз. Жағдайларға, орталарға және пайдалану жиілігіне байланысты бөлшектердің қызмет көрсету мерзімі қысқаруы мүмкін екенін ескеріңіз.)

*2 Зарарсыздандыру алдында резеңке жолақты маскадан алып тастаңыз.

*3 Маскада фталат жоқ.

*4 Жолақ табиғи резеңке латексінен жасалмаған.

Тор қалпағын ауыстыру әдісі

Тор қалпағы шығын бөлшек болып табылады.

OMRON компаниясы тор қалпағын шамамен 1 жылдан кейін ауыстыруды ұсынады (3-беттегі «Ұзақ кезең» бөлімін қараңыз).

Тор қалпағын 14-бет-бетке («Жабдықты құрастыру және дәрі контейнерін толтыру әдісі» бөлімі) сәйкес алып тастап, жаңасын орнатыңыз.

Қосымша медициналық керек-жарақтар

| Өнім сипаттамасы | Үлгісі |
|---|-------------|
| Сәбилерге арналған бетперде (PVC)* | NEB-MSLP-E |
| Балаларға арналған бетперде (PVC)* | NEB-MSMP-E |
| Сәбилерге арналған маска (PVC)* | NEB-MSSP-E |
| Сәбилерге арналған бетперде (SEBS)* | NEB-MSLS-E |
| Балаларға арналған маска (SEBS) жинағы* | NEB-MSSS-E |
| Тор қалпағы* | NEB-MC-10E |
| Дәрі контейнері* | NEB-BTL-10E |
| Маска адаптері* | NEB-MSA-10E |
| Мүштік* | U22-1-E |
| Айнымалы ток адаптері | NEB-AC-10E |
| Айнымалы ток адаптері (ҚК) | NEB-AC-10UK |

* Бұл бөлшектер EN ISO 27427:2019 стандартына сәйкес келеді.

Ақаулықтарды жою

Егер пайдалану барысында келесі проблемалардың кез келгені пайда болған жағдайда, алдымен 30 см аралығында басқа электрлік құрылғы жоқ екенін тексеріңіз. Егер проблема кетпесе, төмендегі кестені қараңыз.

| Ақаулық | Ықтимал себебі | Түзету әрекеті |
|---|--|---|
| Тозаңдату жылдамдығы өте төмен. | Батареялардың заряды төмен (қызғылт сары батареяның заряды төмен шамы жыпылықтайды). | Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз. 12-бет-бетті қараңыз. |
| | Тор ластанған немесе бітелген. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Торды қайнатып тазалаңыз. 22-бет-бетті қараңыз. 2. Тор қалпағын жаңасына ауыстырыңыз. 14-бет-бетті қараңыз. |
| Жасыл қуат индикаторы жанбайды және жабдық тозаңдатпайды. | Батареялардың заряды біткен (қызғылт сары батареяның заряды төмен шамы жанады). | Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз (қосымша). 12-бет-бетті немесе 13-бетті қараңыз. |
| | Қайта зарядтауға болатын батареялардың сыйымдылығы төмен. | Батареяларды сатып алуға болатын қайта зарядтағышпен зарядтаңыз. |
| | Батареялар қате бағытта салынған. | Батареяларды дұрыс бағытта қайта салыңыз. 12-бет-бетті қараңыз. |
| | Айнымалы ток адаптері (қосымша) қуат розеткасына дұрыс қосылмаған. | Айнымалы ток адаптері қуат розеткасына және негізгі жабдыққа қосылғанын тексеріңіз. Қажет болғанда ашаны ажыратып қайта жалғаңыз. |
| | Айнымалы ток адаптеріндегі (қосымша) контакт ластанған. | Қандай да бір ластануды суға немесе зарарсыздандыру алкогольіне батырылып, әлсіз сғылған шүберекпен сүртіңіз. |

KZ

Ақаулықтарды жою

| Ақаулық | Ықтимал себебі | Түзету әрекеті |
|--|--|---|
| Жасыл қуат индикаторы жанады, бірақ жабдық тозаңдатпайды. | Дірілдету элементі дәріге батырылмаған. | Дірілдету элементін дәріге батыру үшін негізгі жабдықты сәл еңкейтiңiз. |
| | Дәрі контейнеріне дәрі толтырылмаған. | Дәрі толтырыңыз. 14-бет-бетті қараңыз. |
| | Тор бұзылған. | Жаңасына ауыстырыңыз. 14-бет-бетті қараңыз. |
| | Торда дәрінің артық мөлшері жиналған | Артық дәріні алып тастаңыз. 18-бет-бетті қараңыз. Көзге көрінетін сұйықтықты жұмсақ шүберекпен торды зақымдап алмай әлсіз тигізу арқылы алыңыз. |
| Жасыл қуат индикаторы жанады, бірақ ол әлсіз тозаңдатады немесе емдеуге тым көп уақыт алады. | Тозаңдату жылдамдығы пайдаланылатын дәріге байланысты. | Емдеу уақыттары дәрілерге және емделушілерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. |

Егер жоғарыдағы ықтимал себептерді тексергеннен кейін жабдық тиісті түрде тозаңдатпаса, OMRON дилеріне хабарласыңыз.

Техникалық деректер

| | |
|---|--|
| Өнімнің санаты: | Ингаляторлар |
| Өнім сипаттамасы: | Торлы ингалятор |
| Үлгісі (код): | MicroAIR U100 (NE-U100-E) |
| Номиналды қуат: | 100–240 В ~ 50–60 Гц (қосымша айнымалы ток адаптері) 3 В тұрақты ток (екі батарея/AA/LR6 түрі) |
| Қуат шығыны: | шамамен 1,2 Вт |
| Қалдық көлемі: | шамамен 0,5 мл |
| Жұмыс режимі: | үздіксіз пайдалану |
| Батареяларының жарамдылық мерзімі: | шамамен 4 сағат |
| Жұмыс температурасы/ ылғалдылық/ Ауа қысымы: | +10°C – +40°C, 30–85% СЫ (конденсациясыз), 800–1060 гПа |
| Сақтау және тасымалдау температурасы/ ылғалдылығы: | -20°C – +60°C, 10–90% СЫ (конденсациясыз) |
| Салмағы: | шамамен 120 г (батареяларды қоса) |
| Өлшемдері: | шамамен 38 (Е) x 130 (Б) x 60 (Қ) мм (дәрі контейнерімен және маска адаптерімен жабдықталған негізгі жабдық) |
| Құрамы: | Негізгі жабдық, негізгі жабдық қақпағы, дәрі контейнері, тор қалпағы, маска адаптері, мүштік, 2 батарея (AA/LR6), ересектерге арналған маска (PVC), балаларға арналған маска (PVC), жұмсақ қап, пайдалану нұсқаулығы, жылдам орнату нұсқаулығы |
| Жіктелімдер: | Іштен қуат алатын медициналық электрлік жабдық (тек батареяларды пайдаланғанда) II класс ME жабдық (қосымша айнымалы ток адаптерін пайдаланғанда) BF түрі (қолданылатын бөлшек); мүштік, маска IP55 (тек батареяларды пайдаланғанда) IP22 (қосымша айнымалы ток адаптерін пайдаланғанда) |

CE 0197 **UK**
CA
0086

IP классификациясы IEC 60529 стандартына сәйкес қабық қорғайтын деңгей болып табылады. Құрылығ қалыпты жұмыс барысында ақауларды шақыруы мүмкін шаң кіруден және қалыпты жұмыс барысында ақауларды шақыруы мүмкін су кіруден қорғалған. Қосымша айнымалы ток адаптері саусақ сияқты диаметрі 12,5 мм немесе одан үлкен қатты бөгде заттардан және қалыпты жұмыс барысында ақауларды шақыруы мүмкін тік құлайтын су тамшыларынан қорғалған.

Техникалық деректер








Ескертпелер:

- Алдын ала ескертусіз техникалық өзгерістерге ұшырайды.
- Бұл OMRON өнімі OMRON HEALTHCARE Co., Ltd., Жапония компаниясының қатаң сапаны бақылау жүйесі бойынша жасалады.
- Температура және кернеу жағдайлары сипаттамаларда белгіленгеннен басқа болса, құрылғы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер құрылғы максималды немесе минималды сақтау және тасымалдау температурасында сақталса және ол 20 °C температурадағы ортаға жылжытылса, құрылғыны пайдалану алдында шамамен 1 сағат күте тұруды ұсынамыз.
- Бұл құрылғы EN13544-1:2007 Еуропалық стандартының, тыныс терапиясы жабдығының (яғни 1-бөлім: Тозаңдату жүйелері мен олардың компоненттері) және EN ISO 27427:2019 анестетик және респираторлық жабдығының (яғни тозаңдату жүйелері мен компоненттері) ережелеріне сәйкес келеді.
- Осы құрылғымен болған кез келген қауіпті жағдай туралы өндірушіге және сіз орналасқан жердегі мемлекеттік мүшениң уәкілетті өкіліне хабарлаңыз.

Таңбалардың сипаттамасы

| | | | |
|---|---|---|--------------------------------|
|  | Қауіпсіздігіңіз үшін пайдаланушы осы пайдалану нұсқаулығын мұқият орындауы қажет. |  | UKCA белгісі |
|  | Пайдаланушы пайдалану нұсқауларын қарап шығуы тиіс |  | Бірегей құрылғы идентификаторы |
|  | Қолданылатын бөлшек — BF түрі Электр тогының соғуынан қорғау деңгейі (шығу тогы) |  | Сериялық нөмірі |
|  | II класс Электр тогының соғуынан қорғау |  | Температура шектеуі |
| IPXX | IEC 60529 стандартына сәйкес рұқсатсыз кіру деңгейі |  | Ылғалдылық шектеуі |

Техникалық деректер

| | | | |
|---|----------------|---|----------------------------|
|  | CE белгісі |  | Атмосфералық қысым шектеуі |
|  | ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ |  | Медициналық құрылғы |
|  | Айнымалы ток |  | Өндірілген күні |
|  | Тұрақты ток | | |

Дәрілік сұйықтықтың түрі:

ерітінді, суспензия

Бөлшек өлшемі:

*4,5 мкм MMAD

Дәрі контейнерінің

Максимум 10 мл

сыйымдылығы:

Дәрі-дәрмектің сәйкес саны:

минимум 1 мл – максимум 10 мл

Дыбысы:

шамамен 20 дБ

Тоzaңдату жиілігі:

**0,25–0,9 мл/мин (салмақ жоғалтумен)

Аэрозоль шығысы:

0,5 мл (2 мл, 1%NaF)

Аэрозоль шығысының жиілігі:

0,1 мл/мин (2 мл, 1%NaF)


Минутына толтыру көлемінің шығарылатын пайызы:

5%

Ескертпелер:

- Бөлшек өлшемінің таралуы 2,5% NaF су ерітіндісімен өлшенеді. Бөлшек өлшемінің таралуы және аэрозоль шығысы өнімінің, дәрінің және температура, ылғалдылық және атмосфералық қысым сияқты қоршаған орта жағдайларының тіркесіміне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнімділік суспензиялар немесе жоғары тұтқырлық сияқты торымен және дәрімен әртүрлі болуы мүмкін. Қосымша мәліметтерді дәрі жеткізушісінің деректер парағынан қараңыз.
- Небулайзердің өнімділігі туралы ақпарат ересектерде және балалардың немесе нәрестелердің көрсеткіштерінен өзгеше болуы ықтимал желдету схемасы пайдаланылатын сынаққа негізделген.
- * Өлшенген мөндер EN13544-1:2007 + A1:2009 және EN ISO 27427:2019 стандартына сай NEXT GENERATION IMPACTOR (NGI) құрылғысы алған ішкі деректерді көрсетеді.
- ** Тоzaңдату жылдамдығы 3 мл дәрінің 30° бұрышында, 23°C температурада 0,9% тұзды ерітіндімен өлшенеді. Ол дәріге және қоршаған орта жағдайларына байланысты әртүрлі бола алады.

Техникалық деректер



Электромагниттік үйлесімділікке (ЭМУ) қатысты маңызды ақпарат

OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясы шығарған NE-U100-E EN60601-1-2:2015 электромагниттік үйлесімділік (ЭМУ) стандартына сәйкес. Осы ЭМУ стандартына қатысты қосымша құжаттама осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген OMRON HEALTHCARE EUROPE компаниясының мекенжайында немесе www.omron-healthcare.com веб-сайтында қолжетімді. Веб-сайттағы NE-U100-E арналған ЭМУ ақпаратын қараңыз.

Бұл өнімді дұрыс кәдеге жарату (Электр және электрондық жабдық қалдығы)

Өнімде немесе оның әдебиетінде көрсетілген осы белгі өнімнің қызмет мерзімі аяқталған соң үй қалдықтарымен бірге кәдеге жаратылмай керектігін білдіреді. Қалдықтардың бақылаусыз утилизациялануы салдарынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына келтірілуі мүмкін зиянды болдырмау үшін, оны қалдықтардың басқа түрлерінен бөліп, материалдық қорлардың тиімді жолмен қайта пайдалануы үшін тиісінше жолмен қайта өңдеуіңізді өтінеміз.



Үй пайдаланушылары осы өнімді қоршаған ортаға қауіпсіз қайта өңдеуге болатын орын және әдіс туралы толық білу үшін осы өнімді сатып алған сатушыға немесе жергілікті билік органына хабарласуы керек.

Іскери пайдаланушылар жеткізушіге хабарласып, сатып алу келісімшартының талап-шарттарын тексеруі керек. Бұл өнімді басқа коммерциялық қоқыспен бірге тастауға болмайды.

Кепілдік

OMRON өнімін сатып алып жатқаныңызға рахмет. Бұл өнім жоғарғы сапалы материалдардан аса үлкен қамқорлықпен жасалған. Егер ол дұрыс пайдаланылса және оған пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай күтім көрсетілсе, ол әрбір қажеттілігіңізді қанағаттандыратындай етіп жасалған.

Бұл өнімге OMRON компаниясы сатып алынған күннен бастап 3 жылдық кезеңге кепілдік береді. Бұл өнімнің дұрыс құрастырылғанына, жұмыс істейтініне және материалдарына OMRON кепілдік береді. Осы кепілдік кезеңінде OMRON компаниясы еңбек және қосалқы бөлшек үшін ақы алмай, өнімді жөндейді немесе ақауы бар өнімді не кез келген ақаулы бөлшекті ауыстырып береді.

Кепілдік тек Еуропада, Ресейде және басқа ТМД елдерінде, Таяу Шығыста және Африкада сатып алынған өнімдерді қамтиды.



Кепілдік мыналардың кез келгенін қамтымайды:

- a. Тасымалдау шығындары мен тасымалдау тәуекелдері.
- ә. Өкілетті емес тұлғалар орындаған жөндеу жұмыстары және/немесе олардың жөндеуінен туындайтын ақаулар.
- б. Кезеңді түрде орындалуы керек тексерулер мен техникалық қызмет көрсету.
- в. Жоғарыда анық кепілдік берілмейінше, өнімнің өзінен басқа керек-жарақтардың немесе басқа тіркелетін жабдықтардың ақаулығы немесе тозуы.
- г. Талапты қабылдамау салдарынан туындайтын шығындар (олар үшін ақы төленеді).
- ғ. Абайсызда немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын кез келген зақымның немесе жарақаттың түрі.

Кепілдік бойынша қызмет қажет болса, өнімді сатқан дүкенге немесе уәкілетті OMRON таратушысына өтініш білдіріңіз. Мекенжайды өнімнің орамынан / кітабынан қараңыз немесе арнайы сатушыдан алыңыз. Егер OMRON тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтарын табу қиын болып жатса, байланыс ақпаратын алу үшін біздің веб-сайтқа (www.omron-healthcare.com) кіріңіз.

Кепілдік бойынша жөндеу немесе ауыстыру кепілдік мерзімінің ұзаруына немесе жаңаруына себеп болмайды.

Кепілдік тек өнім толығымен және сатушы берген бастапқы шот-фактурамен/түбіртекпен бірге қайтарылған кезде ғана беріледі. OMRON кез келген анық емес ақпарат берілсе, кепілдік бойынша қызметтен бас тарту құқығын сақтайды.

| | |
|--|--|
| <p>Өндіруші</p>  | <p>OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. 53, Kunotsubo, Terado-cho, Muko, KYOTO, 617-0002 ЖАПОНИЯ</p> |
| <p>ЕО-дағы өкілдігі</p>  | <p>OMRON HEALTHCARE EUROPE B.V. Scorpius 33, 2132 LR Hoofddorp, НИДЕРЛАНДЫ www.omron-healthcare.com</p> |
| <p>ЕО елдеріне импорттаушы</p> | |
| <p>Өндірістік бөлімшесі</p> | <p>OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. Matsusaka Factory 1855-370, Kubo-cho, Matsusaka-shi, Mie, 515-8503 Жапония</p> |
| <p>Филиалы</p> <p>Ұлыбританиядағы импорттаушы және Ұлыбританиядағы жауапты тұлға</p> | <p>OMRON HEALTHCARE UK LTD. Opal Drive, Fox Milne, Milton Keynes, MK15 0DG, UK www.omron-healthcare.com/distributors</p> |
| <p>Филиалдары</p> | <p>OMRON MEDIZINTECHNIK HANDELSGESELLSCHAFT mbH OMRON SANTÉ FRANCE SAS www.omron-healthcare.com/distributors</p> |

Жапонияда жасалған